



Бекітілді
«Рауан» мектепке дейінгі
шағын орталығының директоры:
Д. Дәулетиярқызы

«ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНА»

вариативтік бағдарламасы

(«Рауан» мектепке дейін шағын орталығының ересектоп тәрбиеленушілеріне
арналған вариативтік бағдарлама)
(4 жастан бастап)

Құрастырған: Кушикбаева Г.
тәрбиеші

2024 жыл

**«Рауан» мектепке дейін шағын орталығының ересек тобының вариативтік
бөлімі бойынша
рецензия**

«Ұлттық қазына» вариативтік бағдарламасының басым міндеті – өз елінің салт-дәстүрін білетін, құрметтейтін, бойында ұлттық құндылықтар қалыптасқан тұлға қалыптастыру. Осы негізде ұлттық қазынамыз арқылы әсемдікті игерген, сұлулықты сезінген, құндылықтарымызды қастерлей білетін қазіргі заман тәрбиеленушісі қалыптасады. Вариативтік бағдарламасы арқылы этнопедагогика бағытына сәйкес түрлі салт-дәстүрлер мен ырым-тиымдарды үйренуге ерекше көңіл бөлінеді. Мектепжасына дейінгі балалар салт-дәстүрлер туралы сұрақтар қойып, оларға жауап іздеуді үйренеді. Вариативтік бағдарламасы бірнеше мазмұнға бөлінеді. Бірінші желі жалпы салт-дәстүрмен танысуға бағытталса, екінші желі салт-дәстүрді өмірде тиімді қолдануға бағытталған. Осы мақсатта бөбекжайдың «Мұражай» бөлмесі ертеде ата-бабаларымыз күнделікті тұрмыста пайдаланған ұлттық бұйымдар, тұрмыстық заттар, ұлттық киімдермен, киіз үй жабдықтарымен, мал әбзелдерімен жабдықталған. Мұражай этнопедагогика бағытында тәрбие беру ортасы - кішкентай бүлдіршіндеріміздің ұлтымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін естіп қана қоймай, көздерімен көріп танып білуіне жағдай жасайды. Балабақша ойын баласының таным ордасы. Сондықтан бағдарламаның тағы да бір ерекшелігі - балалар тәрбиешінің нұсқауынан кейін жаңа білімді алу үшін немесе оны бекіту үшін, немесе оны практикалық тұрғыда пайдалану үшін өз икемі, қызығушылығы бойынша орталықтарда жұмыс жасайды. Орталықтар балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады.